

"Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешіміне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге арналған қорытынды (рұқсат құжаты) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 15-02/810 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі № 126 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 10 сәуірде № 18489 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № 349 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 18.11.2020 № 349 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешіміне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге арналған қорытынды (рұқсат құжаты) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 15-02/810 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12176 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 қазандан "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешіміне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге арналған қорытынды (рұқсат құжаты) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

C. Омаров

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2019 жылғы 1 сәуірдегі

№ 126 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

2015 жылғы 9 қыркүйектегі

№ 15-02/810 бұйрығымен

бекітілген

"Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешіміне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге арналған қорытынды (рұқсат құжаты) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешіміне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге арналған қорытынды (рұқсат құжаты) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 15 шілдедегі № 15-02/654 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12088 болып тіркелген) бекітілген "Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешіміне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге арналған қорытынды (рұқсат құжаты) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі – Стандарт) негізінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АгроОнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "электрондық ұқіметтің" www.egov.kz, www.license.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (тольғау автоматтандырылған).

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешіміне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге арналған уәкілетті органның қорытындысы (рұқсат құжаты) (бұдан әрі – қорытынды) не Стандарттың 10-тармағында көрсетілген негіздер бойынша бастарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны – электрондық.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетіletіn қызметті берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

2-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетіletіn қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) іс-қимылдары тәртібінің сипаттамасы

4. Көрсетіletіn қызметті алушының Стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар қоса берілген электрондық сұранымының болуы

мемлекеттік қызметті көрсетеу жөніндегі рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсетеу процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны және оның орындалу ұзақтығы:

1) сұраным келіп түскеннен кейін порталда көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі – орындалу уақыты 15 (он бес) минут;

2) мемлекеттік қызметті көрсетеуге жауапты басқарманың (бұдан әрі – Басқарма) басшысы жауапты орындаушыны айқындауды және оған көрсетілетін қызметті алушының өтініші мен құжаттарын қарастыруға жібереді – орындалу уақыты 20 (жынырма) минут;

3) жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушы құжаттарының толықтығын тексереді және көрсетілетін қызметті алушы өтініште және құжаттарда көрсеткен мәліметтерді пестицидтерге (улы химикаттарға) тіркеу және өндірістік сынақтар жүргізу жоспарымен салыстырып қарайды, қорытынды жобасын дайындауды – орындалу уақыты 1 (жұмыс) күні.

Ұсынылған құжаттардың Стандарттың 9-тармағында көзделген тізбеке сәйкес толық болмау фактісі белгіленген жағдайда, өтінішті одан әрі қараудан уәжді бастарту ресімделеді, оған көрсетілетін қызметті берушінің басшысы қол қояды және ол көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі – орындалу уақыты 2 (екі) жұмыс күні.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы және сәйкестігі расталған, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсетуден бастарту үшін негіздер болмаған жағдайда, жауапты орындаушы қорытынды жобасын дайындауды және Басқарма басшысының қарауына енгізеді – орындалу уақыты 1 (бір) жұмыс күні;

4) Басқарма басшысы мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін келіседі – орындалу уақыты 30 (отыз) минут;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесіне қол қояды – орындалу уақыты 1 (бір) сағат.

Мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті берушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

6. Келесі рәсімдерді (іс-қимылдарды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызмет көрсетеу жөніндегі рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижелері:

кіріс нөмірі бар тіркелген өтініш;

жауапты орындаушының қарауы үшін Басқарма басшысының қарапы;

көрсетілетін қызметті алушының барлық талап етілетін құжаттарының бар екені туралы белгі немесе өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бастарту;

көрсетілетін қызметті алушы өтінішінде және құжаттарында көрсеткен мәліметтердің пестицидтерге (улы химикаттарға) тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарын жүргізу жоспарларына сәйкес келуі;

жауапты орындаушының қорытынды жобасын не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауапты ресімдеуі;

мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін келісу және оған қол қою;

мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру.

3-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) өзара іс-қимылды тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде қатысадын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері;
- 2) Басқарма басшысы;
- 3) жауапты орындаушы;
- 4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (жұмыскерлері) арасындағы ресімдер (іс-қимылдар) бірізділігінің сипаттамасы:

көрсетілетін қызметті беруші кеңесінің қызметкері құжаттар келіп түсken күннен бастап, алынған құжаттарды және электрондық сұранымды тіркейді және Басқарма басшысына жібереді – орындалу уақыты 15 (он бес) минут;

жауапты орындаушының қарауы үшін Басқарма басшысының қаравы – орындалу уақыты 20 (жиырма) минут;

жауапты орындаушының қорытынды жобасын не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауапты ресімдеуі және оны Басқарма басшысының қарауына енгізуі – орындалу уақыты 1 (бір) жұмыс күні;

мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Басқарма басшысының келісі – орындалу уақыты 30 (отыз) минут;

мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне көрсетілетін қызметті беруші басшысының қол қоюы – орындалу уақыты 1 (бір) сағат;

көрсетілетін қызметті алушыға қорытындыны не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауапты беру.

9. Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (жұмыскерлері) арасындағы ресімдер (іс-қимылдар) бірізділігінің сипаттамасы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымшага сәйкес жұмыскерлер ресімдерінің (іс-қимылдарының) бірізділігі анықтамалығында келтірілген.

4-тaraу. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қымыл тәртібінің, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

10. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына жүгіну мүмкіндігі көзделмеген.

11. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде жүгіну тәртібінің және көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының рәсімдері (іс-қымылдары) бірізділігінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тәртібінің және рәсімдері (іс-қымылдары) бірізділігінің сипаттамасы:

көрсетілетін қызметті алушы өзінің ЭЦҚ тіркеу куәлігінің көмегімен порталда тіркеуді жүзеге асырады, ол көрсетілетін қызметті алушы компьютерінің интернет-браузерінде сақталады (портал арқылы тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушылар үшін жүзеге асырылады);

1-процесс – көрсетілетін қызметті алушы компьютерінің интернет-браузеріне ЭЦҚ тіркеу куәлігін бекіту, мемлекеттік қызметті алу үшін порталда көрсетілетін қызметті алушының паролін енгізу процесі (авторизациялау процесі);

1-шарт – тіркелген көрсетілетін қызметті алушы туралы деректердің шынайлығын логин (жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) мен паролі арқылы порталда тексеру;

2-процесс – көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты авторизациялаудан бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру;

3-процесс – қызметті алушының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметті тандауы, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтініш нысанын экранға шығару және көрсетілетін қызметті алушының нысанының құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, сұраным нысанына қажетті құжаттарды электрондық түрде тіркей отырып, оны толтыруы (деректерді енгізу);

4-процесс – көрсетілетін қызметті алушының сұранымды куәландыру (оган қол қою) үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін тандауы;

5-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ төлнұсқалылығын растамауына байланысты сұратылып отырған көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру;

6-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған өтініштің толтырылған нысанын (енгізілген деректерді) куәландыру (оған қол қою);

7-процесс – ақпараттық жүйеде (бұдан әрі – АЖ) электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұранымын) тіркеу және сұранымды АЖ-да өндөу;

2-шарт – көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың қорытынды беру негіздеріне сәйкестігін көрсетілетін қызметті берушінің тексеруі және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалыптастыру;

8-процесс – АЖ-дағы деректерде бұзушылықтардың болуына байланысты, сұратылып отырған көрсетілетін қызметтен бас тарту туралы хабарлама қалыптастыру;

9-процесс – көрсетілетін қызметті алушының АЖ қалыптастырылған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алуы. Электрондық құжат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сы қолданыла отырып қалыптастырылады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің рәсімдері (іс-қимылдары) бірізділігінің сипаттамасы:

1-процесс – мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысының АЖ-да логин мен парольді енгізу (авторизациялау рәсімі);

1-шарт – логин және пароль арқылы АЖ-да көрсетілетін қызметті берушінің тіркелген жауапты орындаушысы турагында деректердің төлнұсқалылығын тексеру;

2-процесс – көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты, АЖ-ның авторизациялаудан бас тарту туралы хабарлама қалыптастыруы;

3-процесс – көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінде көрсетілген қызметті таңдауы, қызмет көрсетуге арналған сұраным нысанын экранға шығару;

4-процесс – сұранымды АЖ-да тіркеу және көрсетілетін қызметті АЖ-да өндөу;

5-процесс – көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысының көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың сәйкестігін тексеруі және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалыптастыру;

6-процесс – көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысының мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Басқарма басшысына келісуге жіберуі;

7-процесс – көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысының мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші басшысына қол қоюға жіберуі;


8-процесс – көрсетілетін қызметті беруші басшысының мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қоюы;

9-процесс – көрсетілетін қызметті алушының АЖ қалыптастырыған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алуы.

Көрсетілетін қызметті беруші арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылды диаграммасы және көрсетілетін қызметті алушы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылды диаграммасы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2 және 3- қосымшаларда келтірілген.


"Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешіміне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынактарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген құралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге арналған қорытынды (рұқсат құжаты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Жұмыскерлер рәсімдерінің (іс-қимылдарының) бірізділігі анықтамалығы




"Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешіміне сәйкес тіркеу (ұсакмөлдекті және өндірістік) сынақтарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өсімдіктерді қорғаудың тіркелмеген күралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге арналған корытынды (рұқсат құжаты) беру" мемлекеттік керсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Керсетілетін қызметті алушы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылды диаграммасы



"Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының шешіміне сәйкес тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынактарын және (немесе) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін өсімдіктерді коргаудың тіркелмеген куралдарының (пестицидтердің) үлгілерін әкелуге арналған қорытынды (рұқсат құжаты) беру"
 мемлекеттік көрсетілеңтін қызмет регламентіне
 3-қосымша

Көрсетілеңтін қызметті беруші арқылы мемлекеттік қызметті көрсетуге тартаудан ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылды диаграммасы



Шартты белгілер

	Түпкілікті пайдаланушыға берілетін электрондық күжат
	Хабарламалар ағыны
	Басқару ағыны
	Шарт
	Рәсім

	Кәте
	Алқтайдын хабарлама
	Бастапқы хабарлама
	Оң нәтиже

	Ақпараттық жүйе
	Сәйкесіздік

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК